	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Мақсаты : «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сана»</p> <p>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады.</p> <p>Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.</p> <p>– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?</p> <p>– Нүктелер санын, суреттегі</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: - Өртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру</p> <p>Мақсаты: Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту</p> <p>1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p> <p>Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту</p> <p>Сөйлемдердің үш түрі болады.</p> <p>Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Қажетті тыныс</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту</p> <p>Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету</p> <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.</p> <p>Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.</p> <p>Қ-қ-к-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.</p> <p>Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер-</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Міндеті: - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру</p> <p>Мақсаты сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру</p> <p>Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның</p> <p>астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан</p> <p>(картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз.</p>
--	--	--	---	--	--

	<p>заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, $5=5$, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.</p> <p>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.</p> <p>«\Leftarrow» белгісін қоюға болады.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Мақсаты : «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сана»</p> <p>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады.</p> <p>Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.</p> <p>– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?</p> <p>– Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, $5=5$, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар</p>	<p>- Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8)</p> <p>- Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)</p> <p>- Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)</p> <p>- Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7)</p> <p>- Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)</p> <p>- Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ)</p> <p>- Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз.</p> <p>Цифрды жапсырады.</p>	<p>белгілерін қой».</p> <p>Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>ғарышкер</p> <p>Жаңылтпашпен таныстыру.</p> <p>Ұшқыш менгергенді</p> <p>Дәрігер менгере ала ма?</p> <p>Дәрігер менгергенді</p> <p>Ұшқыш менгере ала ма?</p> <p>Жаңылтпашты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу</p>	<p>Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.</p> <p>– Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз.</p> <p>Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.</p> <p>Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>санына тең деп айтуға болады.</p> <p>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.</p> <p>«=» белгісін қоюға болады.</p>				
--	---	--	--	--	--

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»

Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.

Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.

Ықтимал күрделендіру: тез ойла


Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



Ойын: «Оюларды құрастыр»

Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.

Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері
Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау.



	<p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p>Мақсаты Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Өзі сөйлей білмейді,</p> <p>Бірақ «Токта, жүр!» – дейді.</p> <p>– Бағдаршам.</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Жүргізуші:</p> <p>– Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер.</p> <p>– Көшеге шыққанда неге мән беру керек?</p> <p>– Жол белгілеріне мән беру керек.</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Міндеті: - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру</p> <p>Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету</p> <p>Ойын: Кім не істейді?</p> <p>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады.</p> <p>Балалар сөйлемдерді қайталайды.</p> <p>«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады.</p> <p>Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды.</p> <p>– Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді?</p> <p>Балалар Менің есімдігін жауаптарыңда қолданады. Ата-</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Міндеті: - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру</p> <p>Мақсаты сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру</p> <p>Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз.</p> <p>Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.</p> <p>– Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз.</p> <p>Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.</p> <p>Педагог әңгімені оқиды,</p>	<p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p>Мақсаты Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Өзі сөйлей білмейді,</p> <p>Бірақ «Токта, жүр!» – дейді.</p> <p>– Бағдаршам.</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Жүргізуші:</p> <p>– Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,</p> <p>Мақсаты Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)</p> <p>Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым.</p> <p>«Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады</p>
--	--	--	---	---	---

		аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).	жүресіндер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек.	
--	--	--	---	--	--

Үзіліс:

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, ата-түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы: бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.

Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.

Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу</p> <p>Мақсаты: Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау</p> <p>«Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.</p> <p>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған</p> <p>балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.</p> <p>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі</p>	<p>Музыка</p> <p>Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту</p> <p>Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Желтоқсан» (П. Чайковский)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Шырша әні» (К. Қуатбаев)</p> <p>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Мақсаты Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету</p> <p>«Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.к.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады</p>	<p>Музыка</p> <p>Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту</p> <p>Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Желтоқсан» (П. Чайковский)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Шырша әні» (К. Қуатбаев)</p> <p>«Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай)</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</p> <p>Міндеті: - - Қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту</p> <p>Мақсаты: - - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану</p> <p>- Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру</p>
--	--	--	---	---	--

	мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<i>Судың қатқанын бақылау</i> <i>Мақсаты: судың құрамымен таныстыру, табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.</i> <i>Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын</i>	<i>Тоғайларды бақылау</i> <i>Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге,</i>	<i>Ағаштар мен бұтақтарды бақылау</i> <i>Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.</i> <i>Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге</i>	<i>Қар үстіндегі іздерді бақылау</i> <i>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін</i>	<i>Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу</i> <i>Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.</i>

<p>аударарды. Олар қайдан пайда болды?</p> <p>Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады.</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Қар жатыр аппақ</p> <p>Ойнауға жақсы-ақ</p> <p>Осындай шақта</p> <p>Кім үйде жатпақ?</p> <p>Жұмбақ: Қолы жоқ сурет салады,</p> <p>Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз)</p> <p>Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс».</p> <p>Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту.</p> <p>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</p>	<p><i>көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету;</i></p> <p><i>Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.</i></p> <p><i>Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.</i></p> <p><i>Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»</i></p> <p><i>Тақпақ:</i></p> <p><i>Қазақ жері – сәніміз</i></p> <p><i>Мәуесі мол бағымыз</i></p> <p><i>Саясында жетілер</i></p> <p><i>Балдай бала шағымыз.</i></p> <p><i>Қозғалмалы ойындар: «Қояндар мен аю»</i></p> <p><i>Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.</i></p>	<p><i>Болатындығы туралы түсінік беру.</i></p> <p><i>Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.</i></p> <p><i>Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады.</i></p> <p><i>Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады.</i></p> <p><i>Тақпақ: «Қарағай»</i></p> <p><i>Көкке бойын созады,</i></p> <p><i>Көпке қолын созады.</i></p> <p><i>Кең құшағын ашады,</i></p> <p><i>Көлеңкесін тосады</i></p> <p><i>Көп қарағай, қарағай</i></p> <p><i>Мейірбанды анадай.</i></p> <p><i>Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар»</i></p> <p><i>Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау</i></p>	<p>қалыптастырып, толықтыра түсу.</p> <p>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,</p> <p>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,</p> <p>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,</p> <p>Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)</p> <p>Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда.</p> <p>Қимылды ойын: «Ақ қоян»</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.</p> <p>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.</p> <p>Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны</p>	<p>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.</p> <p>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Жазда көлге мұз қатты,</p> <p>Табанымды мұздамты.</p> <p>Мұз ойылып кетті тез,</p> <p>Күліп едік, біз қатты.</p> <p>Қимылды ойын «Ортаға түспек»</p> <p>Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.</p> <p>Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.</p>
--	--	---	--	---

				<i>ағашқа іліп қою, жем салу</i>	
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 111-апта 18 – 22 желтоқсан 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Түсті табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту	«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Лого» дидактикалық ойыны Мақсаты: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту	«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны	«Маймылдар» ойыны Мақсаты: шеңбер бойымен жүруге жаттығу,	«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін

және тағы басқа әрекеттер)			Мақсаты: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Мақсаты «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Қыс Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды.</p> <p>–Өлеңді оқып жатқанда көз алдарына кімді елестеттіңдер? –Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. –Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру Мақсаты өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны 1. Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар). 2. Басбармақ, балаң үйрек, орган терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар) 3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім). 4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім).</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Мақсаты Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту «Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Мақсаты Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ,</p>

	<p>үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген.</p> <p>–Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?</p> <p>–Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?</p> <p>–Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?</p> <p>–Иә, дұрыс айтасыңдар.</p>		<p>алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.</p> <p>– Олар тең болуы үшін не істеу керек?</p> <p>– Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз</p>	<p>Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p> <p>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.</p> <p>Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рак), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).</p>	<p>тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз</p>
--	--	--	--	--	---

Үзіліс :

Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші»

Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

Ойын барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Өнерім қол ұшында,
Боламын мен тігінші
Тігіншінің ішінде,
Бас бармақтай бірінші.

Ойын: «Дұрысын тап»

Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді? Шаштараз не киеді?

Балалар белгілеп береді.

- Ендеше, сендер түсінген боларсындар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

Ойын:«Тігінші»

Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)

Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.

Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа

Артикуляциялық жаттығулар:

Ойын:« Часы» «Сағат»

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• **«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.



Саусақ ойыны: « Тасбақа»

Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

1.Тасбақа

Тасбақа, тасбақа,
Тас астында тұрады.
Басын баяу шығарып,
Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді. . Олең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

Фонетикалық жаттығулар

Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.1

.Баудағы кім? Ара болсаң, ызыңда



З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?



(з- з-з) - қатты\жай

2.Жыланның ысылы.

Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....



желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.



3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о!**» деп таң қалды.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Математика негіздері

Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру
Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.

Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп,

Математика негіздері

Міндеті: 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру
Мақсаты: Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру
Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.

Сөйлеуді дамыту


Міндеті: - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту
Мақсаты «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.

Қазақ тілі

Міндеті - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту
Мақсаты қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету .
-Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.

Көркем әдебиет

Міндеті: -Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару
Мақсаты: әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу.
Жұмбақты шеш.
Тоқылдатып, мазаны ап,
Ағаштарды тазалап,
Ормандарды емдейді,
Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ)
3. Суретте қай құс жасырынған?
Боя.
4. Ұйқасын тап.

	<p>пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды.</p> <p>Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды</p>	 <p>Сонымен $10 - 1 = 9$ $9 - 1 = 8$ $8 - 1 = 7$ $7 - 1 = 6$</p>	<p>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта</p>	<p>– Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы. – Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – «Кешір» деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды</p>	<p>Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді (Шымшық) Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар». Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты: балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады</p>
--	--	---	--	--	--

Үзіліс:

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ

Ойын: Жүретін саусақтар.

Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.



Үстел үстінде ойналатын ойындар.

Ойын: «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин)

Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Керекті құралдар: ойынға керек ресурстар.

<p>Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.</p> <p>Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанатын.</p>		<p>Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: -Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту(кірікт.16.12) Мақсаты Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру</p> <p>«Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді Топтық жұмыс. «Жол</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету</p> <p>1.Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту -Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну(кірікт.16.12) Мақсаты - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау Мақсаты Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу «Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады?</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау Мақсаты - Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. «Терек» (Қырғыз халқының ойыны). Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады. «Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>белгілерін табу» ойыны. Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді. – Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді</p>		<p>ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз).</p>	<p>(Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстінгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді). – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды</p>	<p>бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.</p>
--	--	--	---	---	--

Үзіліс: .

Психологиялық ойын:

Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»

Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Ойын шарты:

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз.

Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.

Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



Аз қимылды ойын:

Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

Ойын шарты:

Мазмұны: Аларда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады.

Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.

Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін: қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

Ойынның ережесі:

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін аланды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру Мақсаты: Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта үш Мерген имек ағаш». (3 рет) Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Иmek ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.</p> <p>Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды. ыруға үйрету</p>	<p>Музыка Міндеті: - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту (кірікт.16.12) Мақсаты Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: -Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру Мақсаты - 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады</p>	<p>Музыка Міндеті: - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету Мақсаты Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалау -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру Жаңажылмерекесі туралы үсініктерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді</p>
--	--	---	--	---	--

					бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау (кірікт. 16.12) Мақсаты: - Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту Топтық жұмыс
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p>Серуен</p>	<p>Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Торғайларды бақылау Мақсаты: — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз</i> Торғайларды қорға.</p> <p>Ө. Ақыпбекұлы</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды.</p> <p>Кіп-кішкене торғайлар</p> <p>Ағаштарды қорғайды.</p> <p>Таспен атып торғайды,</p> <p>Ұя бұзған оңбайды.</p> <p>Құс өкпелеп кетеді,</p> <p>Бақшамызға қонбайды.</p> <p>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. ♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) ♦ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (<i>қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.</i>)</p>	<p>Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Қардың түсуін бақылау Мақсаты: - <i>Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;</i> — <i>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;</i> — <i>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</i></p> <p><i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев</i> <i>Жауа-жауа, қар жауып көп,</i> <i>Шұқырларға толады.</i> <i>Иығыңа қонады кеп,</i> <i>Мойныңа да қонады.</i> <i>Жауып бітер қарды тосып,</i> <i>Үйіңе де сыймайсың,</i> <i>Табиғаттың ақ көрпесін.</i> <i>Басуға да қимайсың.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. ♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? ♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды? ♦ Қар неге ұлпа болады? ♦ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсындар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.) Зерттеу жұмысы Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық). Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. <i>Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту</i> Қимылды ойын «Ыстық-суық». <i>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету</i> Жаттығу ойындары</p>	<p>Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты: — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру</p> <p><i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы</i> <i>Қар жамылды бақтарым</i> <i>Қыратым да, сайым да.</i> <i>Тағыпты қыс ақ қарын,</i> <i>Үкі етіп қайыңға.</i> <i>Бүркеніп ақ желекті,</i> <i>Жарқырайды маңайым.</i> <i>Ойға шомып теректің,</i> <i>Ақ шалыпты самайын.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. ♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? ♦ Күзде қандай болды? ♦ Қазіргі бейнесі қандай? ♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? Зерттеу жұмысы Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру Еңбек Жолды қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула қараушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» <i>Мақсаты:</i> доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. Жаттығу ойындары Секіру <i>Мақсаты:</i> орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</p>	<p>Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. ♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? ♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. <i>Мақсаты:</i> — бірлесе жұмыс істеуге үйрету; — еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз»</p>	<p>Серуен-Бақылау №9 Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты: — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.</p> <p><i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Ағаштар»</i> <i>М.Әлімбаев</i> <i>Қысында да шырайлы,</i> <i>Жасыл шырша ұнайды.</i> <i>Түні бойы жауды қар,</i> <i>Салбырады сәнді тал.</i> <i>Тау баурайы төменде,</i> <i>Өседі жас емендер.</i> <i>Ауыл сәні терек,</i> <i>Терек егу керек.</i> <i>Сырғалы қайың, ақ қайың,</i> <i>Баптайын, күтіп, сақтайын.</i> <i>Басқа ағашпен аралас,</i> <i>Жайқалады қарағаш</i> <i>Көк қарағай, қарағай,</i> <i>Мейірбанды анадай,</i> <i>Көкке бойын созады,</i> <i>Көпке қолын созады.</i> Балаларға сұрақтар: ♦ Сендер тындаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған? ♦ Ағаштар не үшін керек? ♦ Ол адамға не береді? ♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? ♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? ♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?</p>
----------------------	--	--	---	--	--

<p>◆ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (<i>торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер</i>)</p> <p>◆ Торғайлар қыста немен қоректенеді? (<i>дәндермен, қалдықтармен.</i>)</p> <p>◆ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (<i>қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.</i>)</p> <p>◆ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (<i>өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады</i>)</p> <p>◆ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? (<i>себебі адамдар жанында азық көп болады</i>)</p> <p><i>Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тере зойғ Сонда суыққа тоңбайсың.</i></p> <p>Еңбек қызметі</p> <p>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру.</i></p> <p>Қимылды ойын «Нысанаға тигіз».</p> <p><i>Мақсаты: қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</i></p> <p>Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту</p> <p>Қарды алыс нысанаға лақтыру</p> <p><i>Мақсаты: қозғалыс координациясын дамыту.</i></p>	<p>Қимылдарын дамыту.</p> <p><i>Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету.</i></p> <p><i>Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</i></p>	<p><i>Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады.</i></p>	<p><i>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру;</i></p> <p>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Шаңғымен жүру.</p> <p><i>Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</i></p>	<p>◆ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?</p> <p>Зерттеу жұмысы:</p> <p>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.</p> <p>Еңбек</p> <p>Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p><i>Мақсаты:</i> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..</p> <p>Қимылды ойын</p> <p>«Аулада қандай ағаштар өседі?».</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>— Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;</p> <p>— Сөздік қорларын байыту;</p> <p>— Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі</p> <p>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.</p>
--	---	---	---	---

<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	---	---	---	---	---

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1V-апта 26 ақпан – 01 наурыз 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау</p>	<p>Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу</p>				
<p>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p>	<p>Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>

өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Д/ойын: «Қарап ал да есіне сақта»</p> <p>Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есі</p> <p>не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жану-арларының,аңдардың және құстардың жал-пы аттарын айтқызу.</p> <p>Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Көрнекіліктер: үй жануарлары,аңдардың,құстардың суреттері.</p>	<p>Д/ойын «Ғажайып қоржын»</p> <p>Мақсаты: Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын шарты: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды.</p> <p>қажетті құралдар: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.</p>	<p>Д/ойын:«Экологиялық пирамида».</p> <p>Мақсаты: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.</p>	<p>Д/ойын: «Зоологиялық домино».</p> <p>Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу.</p> <p>Ойын ережелері:</p> <p>Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.</p>	<p>Д/ ойын:Не артық?</p> <p>Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Көрнекіліктер:әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.</p>
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)	Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз,	Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.	Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.

	Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Міндеті: Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру</p> <p>Мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру</p> <p>– Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін.</p> <p>Кім ақылды?</p> <p>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден:</p> <p>– Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан:</p> <p>– Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>Мақсаты Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»</p> <p>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын,</p> <p>мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек.</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Міндеті Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.</p> <p>Мақсаты Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата»</p> <p>(Педагог суреттер көрсетеді).</p> <p>– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап</p> <p>айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Міндеті: Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру-</p> <p>Мақсаты төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары),</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p>Мақсаты Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Өлең не туралы? – Авторы кім? – Көктемде неге бәрі көңілді болады? – Қандай жаңбыр жауады? – Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Неліктен көктемді жақсы көресің? Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. (Құстың ұясы)</p>

<p>бер, – деді де, оған жол берді.</p> <p>Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.</p> <p>–Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?</p> <p>–Әңгіме кімдер туралы?</p> <p>–Екі бала не істеп жүр еді?</p> <p>–Олар неге таласты?</p> <p>–Екі баланың қайсысы ақылды екен?</p> <p>–Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдіңдер?</p> <p>әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші?</p>	<p>Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі),</p> <p>қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ...</p> <p>киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ),</p> <p>қалың...(кітап), жұқа...(мата), жұмсақ...(мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт),</p> <p>әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышақ), дарынды ... (бала) т.б.</p>	<p>бөледі, бірінші бір командамен содан кейін</p> <p>екінші командамен ойнайды.</p> <p>Мысалы: апельсин (а), октау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө),</p> <p>ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә),</p> <p>өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.</p> <p>– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты</p> <p>дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда</p> <p>кедергіге ұшырамайды.</p>	<p>тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап</p> <p>(қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма</p> <p>(үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді),</p> <p>банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)...</p>	<p>Есіңде сақта!</p> <p>Торғай шырылдайды.</p> <p>Тоқылдақ тоқылдатады.</p> <p>Қарға қарқылдайды.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тамаша»</p> <p>Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар жұдырығын</p> <p>түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып</p> <p>жауап береді.</p> <p>– Гүлдің иісі қандай?</p> <p>– Лай суды ішуге бола ма?</p> <p>– Құстардың даусы қандай?</p> <p>– Құстарды таспен атуға бола ма?</p> <p>– Жайқалып өскен көк шөп қандай?</p>
---	--	--	--	---

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
«Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның, шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,

Еңбек үшін жаралғанбыз.

-з-з-з-з-з

Шырын іздеп күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-з-з-з-з-з

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соңынан,

Ара қуды Мұратты.


-з-з-з-з-з

Шағып алып қолынан,

Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін білу</p> <p>Мақсаты Табиғатпен пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Тәрбиеші балаларға түсіндіріп шығады. Біз бүгін табиғаттың не екенін білдік. Оны аялаудың, қадірлеудің қамқорлыққа алудың қажеттігін түсіндік. «Табиғат - Ана» деп бекер айтпаған. Сол себепті табиғатты қоршаған ортаны қорғап, қамқорлық көрсетіп аяласақ, ол біздің Отанды, елімізді, туған жерімізді қорғағанымыз екен.</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: - Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту</p> <p>Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.</p> <p>-</p> <p>Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.</p> <p>– Маймыл қандай сөреде отыр? (Оң жақтағы жоғарғы.)</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау</p> <p>Мақсаты Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:</p> <p>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?</p> <p>Жылдың соңғы айы қандай?</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу</p> <p>Мақсаты Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»</p> <p>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.</p> <p>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз</p> <p>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең</p> <p>Алдымен қантар, содан кейін ... ақпан.</p> <p>Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы</p>	<p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: -Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Мақсаты Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру</p> <p>Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің »</p> <p>рөлін ойнайды.</p> <p>Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже»</p> <p>автобуска кіргенде балалардың біреуі орын</p>
---	---	---	--	--

	<p>Ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын»</p> <p>Балалар шеңберге тұрып, доп арқылы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Судағы жәндіктерге қалай көмектесе аласың?</p> <p>Ауа таза болу үшін не істеу керек.</p> <p>Ағаштарға қалай көмектесе аласың?</p> <p>Гүлдерге қалай көмектесе аласың?</p>	<p>– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)</p> <p>– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?</p> <p>Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</p>	<p>Қазаннан кейінгі қандай ай?</p> <p>Жаз айларын ата және т.б.</p> <p>«Жыл мезгілі»</p>	<p>бойынша жалғастырады.</p> <p>Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз</p>	<p>береді.</p> <p>Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды.</p> <p>Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. <p>Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. Автобусты алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық
<p>Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.</p>					

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ

Ойын: Жүретін саусақтар.

Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.

Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталады.



Ойын: «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин)

Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.



Керекті құралдар: ойынға керек ресурстар.

Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті карама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Шығармашылық бейнелеу әрекеті
<p>Міндеті: -,-Алған білімдерін тиянақтау</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>І айналым: Педагогтің мақалын жалғастырады.</p> <p>Отан – оттан да ... (ыстық)</p> <p>Жақсы – ... (өнеге)</p>	<p>Міндеті - -- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру,</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>ІІІ айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.</p>	<p>Міндеті: - Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру</p> <p>Мақсаты Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру</p> <p>—Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы мақал жаттайық.</p> <p>Ақыл азбайды, білім тозбайды.</p>	<p>Міндеті: -- өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру</p> <p>Мақсаты Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Педагог жұмбақ жасырады: Күн күледі, Жер түлейді. (Көктем) – Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.</p>	<p>Міндеті: - - Қазақ оюларының элементтерімен камзолды әшекейлеу,</p> <p>-аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жаса</p> <p>-- Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию</p>

	<p>Отан ... т.б</p> <p>II айналым: педагог жұмбақ жасырады.</p> <p>Өскен жері бау-бақша,</p> <p>Күрең қызыл шіркін-ай,</p> <p>Жидектің аты – ... (құлпынай)</p> <p>Астық пісіп, орақ түсіп,</p> <p>Қырман дөнге толады.</p> <p>Бөбектерім, айтыңдаршы,</p> <p>Бұл қай кезде болады? (Күзде).</p>	<p>Дөп теп,</p> <p>Дөп теп.</p> <p>Жағажайды жағалай,</p> <p>Жүгіреді Қамажай.</p> <p>Пай-пай-пай,</p> <p>Жайылып жүр тай.</p> <p>Ай-ай-ай,</p> <p>Ұшып кетті торғай.</p> <p>Үш кіші ішік піштім,</p> <p>Бес кіші ішік піштім,</p> <p>Неше кіші ішік піштім?</p>	<p>Дидактикалық ойыны: «Ойлап,тап!»</p> <p>Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал–</p> <p>Кір–</p>	<p>Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді.</p> <p>Көктем Көктем қандай көңілді, Көктем жаңбыр төгілді. Мөлдір аспан ашылып, Күннің көзі көрінді</p>	<p>арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу</p> <p>-- өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p>Мақсаты-қуыршақ камзолын салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
<p>Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен»ойыны</p>					

<p>Еліктеу ойындары: “Кім жақсы айтады”</p> <p>Р-р-р-ррр</p>  <p>Ы-ы-ы-ыыы</p> 	<p>Гүлдерді іскейік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді іскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.</p>	<p>Ойын: «Өзен»</p> <p>Кішкене өзен арқылы.</p> <p>Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.</p> <p>Көрнекіліктер: тақтай, жіп.</p> <p>Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтадан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.</p>
--	---	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты: Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау</p> <p>II.«Көктемге саяхат»</p> <p>1.«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады.</p>	<p>Музыка</p> <p>Міндеті: - Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Мақсаты Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>«Екеуіміз әйбат баламыз»</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу –</p> <p>Мақсаты - Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту</p> <p>«Ең ептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет)</p> <p>Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып,</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Допты заттарды айналдыра жүргізу</p> <p>Мақсаты Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту</p> <p>«Қаңбақтар» (3 рет)</p> <p>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.</p> <p>Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар</p>	<p>Музыка</p> <p>Міндеті: * Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнгерлілік элементтерімен байланыстыру</p> <p>Мақсаты Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>2.«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді).</p> <p>3.«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады).</p> <p>4.«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды).</p> <p>5.«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі).</p> <p>6.«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді).</p> <p>7.«Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).</p>	<p>(И. Нүсіпбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Сағат» (Е. Андосов)</p> <p>Билер:</p> <p>«Полька» эстон халық биі</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Янка» беларусь халық биі</p>	<p>қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді</p>	<p>екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.</p>	<p>Ән айту:</p> <p>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>«Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Сағат» (Е. Андосов)</p> <p>Билер:</p> <p>«Полька» эстон халық биі</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Янка» беларусь халық биі</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

<p>Серуен</p>	<p>Бақылау: Аязды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе</p> <p>руі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын</p> <p>орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p> <p>Еңбек: Ауладағы қарды күреу.Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Қим.ойын: «Сырғанақ тебу».</p> <p>Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шапамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс:</p> <p>(Нұрали, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым)</p> <p>Жұмбақ. Терезеге қонады,</p> <p>Өсем ою ояды.(Аяз).</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет</p> <p>терін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>Бақылау: Мұзды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p>Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p>Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне беріл</p> <p>ген тапсырманы тия-</p> <p>нақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл,жаңа жыл,</p> <p>Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p>Бақылау:Ауа-райын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p>Еңбек: «Таза алаң».</p> <p>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».</p> <p>Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте</p> <p>Аулада күшіктер</p> <p>Біреуі оның қап-қара,</p> <p>Біреуі сары ала</p> <p>Біреуі қардай ақ,</p> <p>Біреуі сұр жолақ</p> <p>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p> <p>Ойын: «Қасқыр мен қаздар».</p> <p>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p>	<p>Бақылау: Қарды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшелік</p> <p>терін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар.</p> <p>Ақ шатырлы қар қала,</p> <p>Ақ жамылып тұр бақтар.</p> <p>Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p>Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып,</p> <p>үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.</p> <p>Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.</p> <p>(Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ)</p> <p>Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын</p> <p>жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p>Еңбек: «Қыс қызығы».</p> <p>Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.</p> <p>(Күн)</p> <p>Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-</p> <p>рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Қимылды ойын:«Айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшан-дыққа , ептілікке баулу.</p>
----------------------	--	--	--	---	---

			Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».	Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау».	
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гөршокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1V-апта 04 наурыз – 08 наурыз 2024-2025 оқу жылы

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i> 04.03.24ж	<i>Сейсенбі</i> 05.03.24ж	<i>Сәрсенбі</i> 06.03.24ж	<i>Бейсенбі</i> 07.03.24ж	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады" тақырыбында кеңестер беру.				

<p>басқа заңды өкілдерімен кеңес, әнгімелесу</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымкыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынтамен көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетеін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сурет. «Гүл» Мақсаты: Дайын суретті бояу, түсті дұрыс таңдау. (шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>
	<p>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып,</p>	<p>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті,</p>	<p>Ойын-жаттығу "Қарлығаш - біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету.</p>

	<p>өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Жапсыру.</p> <p>"Қарлығаш - біздің досымыз"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету.</p>	<p>таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>		
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)</p> <p>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>			
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Шаттық шеңбері Максат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Наурыз тойын бастайық, Жақсы тілек айтайық. Дастархандар жайылсын, Қуанышты той болсын. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>«Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Құрастыру. «Гүл құрастырайық» Мақсаты: Пішіндерді атап, түстеріне қарай біріктіру.</p>	<p>Шаттық шеңбері Максат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>«Эмоцияларды жаттықтырамыз» Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.</p>

		(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)		(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Көркем әдебиет "Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек» (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу)" Мақсат-міндеттер: анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру. Өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету.</p> <p>Қазақ тілі "Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Бәйшешек" өлеңін мұқият тындауға, өлең жолдарын қайталап есте сақтауға үйрету; қардың еруі туралы сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыка "Менің сүйікті ауылым" Мақсат-міндеттер: балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе ән айту, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>Дыбыстап айту.(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Сауат ашу негіздері "[h] дыбысы және hh әрпі". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу.</p> <p>Дене шынықтыру "Қамшы ұстап шоқырақтап жүру" Мақсат-міндеттер: балаларды қамшы ұстап шоқырақтап жүруге және аттай шоқырақтап жүрген кезде ұсақ заттар (қолорамалға түйілген тиындар) алып жүруге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі". Мақсат-міндеттер: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Сөйлесу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттықтыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері "Көңілді көктем дыбыстары" Мақсат-міндеттері: балаларды жолақтардың көмегімен ұзындықты өлшеп, салыстыруға үйрету.</p> <p>Сауат ашу негіздері "[h] дыбысы және hh әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу.</p> <p>Дене шынықтыру "Кегльдер арасымен төрт тағандап еңбектеу" Мақсат-міндеттер: балаларды бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіруді алмастырып алға, артқа секіруге үйрету.</p>	<p>Сауат ашу негіздері.(АТІ)(логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері "Армысын, науырыз!" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру.</p> <p>Көркем әдебиет "Ы. Алтынсарин «Аурудан аяған күштірек» (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу)" Мақсат-міндеттер: анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру. Өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Кегльдер арасымен төрт тағандап еңбектеу" Мақсат-міндеттер: балаларды бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіруді алмастырып алға, артқа секіруге үйрету.</p>	

Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Серуен	<p>Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Жылт-жылт еткен. Жырадан өткен. (су) Бақылау. Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру) Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. Еңбек. Аула маңын қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Ұжымда еңбектену білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру) Қайықшалар жіберуге ұсыныс</p>	<p>Талды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып гүлдейтініне назар аудару. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: кіші топтың балаларына алаңды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мұқият бол". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жан-жаққа шашырап жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: заттарды нысанаға лақтыру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту.</p>	<p>Бірінші будақ бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру) Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. Еңбек. Өсімдіктердің топырағын қопсыту. (еңбек іс-әрекеті) Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Өткеншек тебу. Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек.</p>	<p>Бұршақтың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ туралы түсінік беру; зейінді, есте сақтауды белсендіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден онай өтуге үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету.</p>

	жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Вариативтік бағдарлама					
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
ҮІӨ/Вариативтік бағдарлама.	«Дарынды бала» (Маманның жоспары бойынша)	Мүсіндеу. "Гүлге түбек жасаймыз" Мақсат-міндеттер: балаларды сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы түбекті, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы түбектің ысқышын мүсіндеуге үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру "Көктемде табиғат оянады" Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғат құбылыстарын бақылай білу қабілеттерін жетілдіру; көктемнің тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу.	Қоршаған ортамен таныстыру "Сықырлы су" Мақсат-міндеттер: жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру.	

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені". Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген), ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары, қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және іш киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктелініп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі туралы да айтылуы тиіс. Сатушылар өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып,</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат". Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кеме жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін</p>	<p>Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус". Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонының үлгісін білдіретін орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы;</p>	<p>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Жедел жәрдем". Мақсат-міндеттер. Балалардың "жедел жәрдем" ұғымы жөніндегі</p>
--	--	--	--	--

	<p>оларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың</p>	<p>билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақыттарда әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу қимылдарын көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндіктер туындап жатса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұл жерде өз орындарын жүктерге беру үлгісін көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог</p>	<p>түсініктерін тиянақтау; дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, телефонда отыратын оператор сияқты мамандықтар жайында ұғымдарды пысықтау; медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектер мен ойыншық медициналық құралдары бар сөмкесі; "жедел жәрдем" жазуы бар макет; ақ халаттар, руль, телефон, жазуға кітапша, қаламсап. Шарты. Педагог балалармен жедел жәрдемде қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Адамдардың жедел жәрдемді шақыру үшін қандай әрекеттерді жасау керектігін, жедел жәрдемнің телефон нөмірлерін анықтайды. Балалар өзара дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, үй иесі және тұтынушы болып бөлініп, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойын желісін жалғастырып, кейіпкерлерге көмекші сұрақтар қойып, барысын қадағалайды. Балалар біртіндеп ойын желісін меңгеріп алып, өздері басқарады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: жедел жәрдемнің көмегі адамның денсаулығы жақсы кезде ғана қажет болмайды; жедел жәрдемде білікті мамандар еңбек етеді, олардың еңбегін құрметтеу керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
--	--	--	---	---

		бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобусқа отырып, жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалуын қадағалау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		
Балалармен жеке жұмыс	Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Бала тілін дамыту. Жаңылтпаштар айтқызу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан) Кішкене ғана бойы бар Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа) Аяғы жоқ жүреді, Аузы жоқ сөйлейді. (Хат) Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (Тасбақа) Жабықта жарты нан. (Ай) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалардың суреттерінен көрме. «Анашым! Мен сізді жақсы көремін!» «8-наурыз Аналар мерекесі».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Бүгін біз нені үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу.	Кеңес. "5-6 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы".	
--	---	--------------------------------------	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 - 15.03.2025ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i> 11.03.25ж	<i>Сейсенбі</i> 12.03.25ж	<i>Сәрсенбі</i> 13.03.25ж	<i>Бейсенбі</i> 14.03.25ж	<i>Жұма</i> 15.03.25ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекет)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекет) Мүсіндеу. «Киіз үй» Мақсаты:балалардың қол моторикасын дамыту,есу,иіру,домалақтау арқылы шаңырақты жасау. Ұлттық тәрбие беру. (шығармашылық іс-әрекет)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекет)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекет)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекет)
	Үстел үсті ойыны «Мозаика»	«Заттық фриздер» дидактикалық ойыны	Интеллектуалды карта негізінде заттарды	"Қағаздан бүктеу" жұмысы.	Құрастырудан ойын-жаттығу.

	<p>Максат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Ойынның мақсат-міндеттер: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту. Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көгөністер мен жемістер суреттері, көгөністер мен жемістер муляждары, қоржын. Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көгөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Содан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Жапсыру. "Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Күшік". Максат-міндеттер. Әртүрлі аңдар, құстар, гүлдердің пішіндерін қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер». Максат-міндеттер. Негізгі азық-түлік түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары. Ережесі. Әр бала кез келген азық-түлік бейнеленген бір карточканы тандап алып, неден дайындалғанын (ұн, ет, сүт) тауып, суреттегі орнын анықтайды. Ойын барысында әр бала азық-түлікті атап, неден жасалғанын айтады. Барысы. Педагог заттық суретті таңбалауыштарды алдын ала дайындайды: – сүт өнімдері - айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр; – ет тағамдары - шұжық, жіңішке шұжық (сосиска), қазы, кәуап, котлет; – ұн тағамдары - нан, шелпек, тоқаш, бауырсақ, құймақ. Топта балалар көп болса, онда педагог азық-түліктердің көшірмесін дайындайды, ең бастысы, әр балада бір таңбалауыштан болу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Тақырыбы: "Күшік". Максат-міндеттер. Әртүрлі аңдар, құстар, гүлдердің пішіндерін қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>"Көшпелі халықтың баспанасы" Максат-міндеттер: балаларды киіз үй бейнеленген трафаретке түрлі-түсті тоқыма жіптерін жабыстыру арқылы киіз үйді құрастыруды үйрету. "Артық затты тап" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттер. Заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог балаларға заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған заттың атауын атайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p>				

	<p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.</p> <p>Бата беру Рахмет дәмiңе, Ризалық берсiн бәрiңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсiн жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарық болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (қарым-қатынас іс-әрекет) Құрастыру. «Сандық» Мақсаты: пішіндерден сандық құрастыру.</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Ұлттық ойын. Киіз үй Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.</p>	<p>«Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Көркем әдебиет "Бесік жыры" Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.</p> <p>Қазақ тілі "Наурыз құтты болсын! "Наурыз көже" санамағын жаттау". Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамы, наурыз көже, ұлттық дәстүрлердің бірі-сүйінші берумен таныстыруды жалғастыру; сурет</p>	<p>Дыбыстап айту.(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпі". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Биікке ілінген затқа секіріп қол тигізу" Мақсат-міндеттер: балаларды 25 см биікке ілінген затқа (таспаға) жүгіріп келіп жоғары секіріп қол тигізуге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Наурыз мерекесі құтты болсын!" Мақсат-міндеттер: балаларға наурыз айында келетін наурыз</p>	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері "Сарқытты тарату" Мақсат-міндеттер: балалардың шартты өлшемді заттырдың шамасын (қалыңдығын) салыстыруда пайдалануға үйретуді жалғастыру; геометриялық денелердің негізгі қасиеттері мен айырмашылығын бекіту.</p> <p>Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгертуді пысықтау, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы</p>	<p>Сауат ашу негіздері.(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері "Алдар көсе қонаққа келгенде" Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар олардың құрамы, сандық қатарын меңгертуді жалғастыру; заттардың ерекшелерін таба білуді, негізгі қасиеттері мен айырмашылығын анықтай білуді пысықтау.</p> <p>Көркем әдебиет "Бесік жыры"(қайталау) Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-</p>	<p>Математика негіздері "Алдар көсе қонаққа келгенде" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар олардың құрамы, сандық қатарын меңгертуді жалғастыру; заттардың ерекшелерін таба білуді, негізгі қасиеттері мен айырмашылығын анықтай білуді пысықтау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Қазақ халқының ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: қазақ халқының ұлттық аспаптарын балаларға түсіндіру.</p> <p>Сауат ашу негіздері "[ф] дыбысы және Фф әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Ф</p>

	<p>бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыка "Көңілді ән салайық" Мақсат-міндеттер: балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>мерекесі туралы білімдерін кеңейту; "наурыз туралы аңызды" оқып беріп, балалардың сұрақ жауап арқылы ілдерін дамыту.</p>	<p>берілген сөздерді оқуға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Жүгіріп келіп жоғары секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.</p>	<p>дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Жүгіріп келіп жоғары секіру" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.</p>	<p>дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.</p> <p>Музыка "Домбыраның күмбірі" Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету.</p>
Серуенге дайындық	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Серуен	<p>Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. Бақылау. Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру) Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру.</p>	<p>Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті,</p>	<p>Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу). Мақсат-міндеттер. Қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегін құрметтеу сезімін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау,</p>	<p>Қоғамдық өмірдегі құбылыстарды бақылау: "Жолдың жүретін бөлігі". (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс</p>

	<p>Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. (дене шынықтыру)</p>	<p>жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, қадамдарды жиілетуге үйрету, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Оңға, солға, айналаға бұрылып секіру жаттығуларын жасау. (дене шынықтыру)</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіруге жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>	<p>отырғызғаннан кейін суару). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту.</p>	<p>ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p>
Серуеннен оралу	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Вариативтік бағдарлама	<p>Логопедиялық вариативтік бағдарлама «Ойнайық та, ойлайық» (Логопед өз жоспары бойынша)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p>				

	<p><i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.</p> <p>Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
ҮІӨ/Вариативтік бағдарлама.	<p>«Дарынды бала» (Маманның жоспары бойынша)</p>	<p>Сурет салу "Қоржынды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру "Қазақ ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру жалғастыру, оларды ажыратып, айта білу қабілеттерін пысықтау.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру "Шеберханаға саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың қазақтың төл қолөнерлері мен кәсіптері туралы ұғымдарды жетілдіру; Наурыз мерекесіне құрылатын киіз үй құрылысын пысықтау.</p>	<p>Қазақ тілі "[Н] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мейрамы туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту; наурызкөже және оның құрамындағы тағамдар туралы білімдерін бекіту; ұлттық дәстүрлердің бірі - сүйінші сұрау, ізгі хабар үшін берілетін сүйіншіні таныстыруды жалғастыру; азық-түлік өнімдерінің түрлері (сүт, ет, ұн) туралы білімдерін қорытындылау;</p>

					«сүт», «ет», «ұн» сөздерінен шыққан түбірлі сөздер арасындағы байланысты көрсетуді жалғастыру; дұрыс тамақтану, дәстүрлерді құрметтеу туралы түсініктерін нақтылау: сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту; мәтіндегі тірек сөздерді табуға, оларды қазақ тілінде дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; наурыз көже құрамындағы жеті тағамның атын еске сақтауға, жатқа айтуға машықтандыру; балаларды ұйымдастырушылыққа, асты қадірлеуге, ұлттық тағамдарды, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемочарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған	"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру. Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояндар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алындар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен	Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған	Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата". Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі заттың атауын (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар: доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-	Ұлттық ойын. Бес тас «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта

	<p>мнемокаточкаларға карап, көрсетілгенді сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяқкиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. <p>(қарым-қатынас іс-әрекет)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.</p>	<p>итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады. Керекті құралдар: асықтар (дене шынықтыру)</p> <p>Бояу қағаздарындағы суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. (дене шынықтыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, макарондар түрлері, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкеннің суреттерін, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан</p>	<p>әрекеті)</p> <p>Театрландырылған қойылым. "Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, үй шаруасында қажетті заттар мен жиһаздар. Шарты. Педагог балаларға "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісінің мазмұнын қайталайды. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог алады, содан соңғы жағдайларда балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлер рөлдеріндегі балаларды жеке қатарға шығарып, қай бала, қай кейіпкердің рөлін атқарғанын</p>	<p>қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. (математика негіздері)</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті,</p>		<p>өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұту жайындағы білімді беру өте маңызды. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай сақтаса, олардың сапасы бұзылмайды, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-</p>	<p>көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет білдіреді, қошемет пен мақтауға бөленеді.</p> <p>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	
--	--	--	---	--	--

	шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Артикуляциялық жаттығу. «Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?» Күмбір-күмбір - домбыра, Шертеміз біз қуана.</p> <p>Сыңғыр-сыңғыр - дутарда, Шертеміз біз қуана.</p> <p>Тын -тын -тын - балалайка, Қуаныш сыйлар балақайға.</p> <p>Үілдейді сырнай, Келіп тартшы балақай.</p> <p>Құбылады қобыз Біз ойнамай қоймаймыз. Балалар бір рет айтып болғаннан кейін, аталған аспапта ойнауды қимылмен көрсетулеріне болады. Үшінші рет айтылуы мен қимылы бірге жасалады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Жарқырап тұр күніміз Жайқалсын жас гүліміз, Бақта бұлбұл сайрасын.</p> <p>Сәнді көктем нұрымен Наурыз тойы - жырымен Көңіл гүлдей жайнасын. (Ө. Табылдиев) (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (уақыт). Балаларды айныладағы адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Таңертең - (кешке). - Кеше - (ертең). - Жазда - (қыста). - Түнде - (күндіз). - Күн - (түн). - Биыл - (былтыр). - Шілде - (қаңтар). - Қыркүйек - (наурыз). - Ерте - (кеш). - Жылдам - (баяу). - Күлу - (жылау). (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрам кестелері. Ойынның екінші күрделенген нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдары кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>«Әліппе-лотосы». Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын,</p>				

	<p>Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	"Ең әдемі гүлдер" жобасының нәтижесін қорытындылау.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03 - 22.03.2025ж

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i> <i>18.03.25ж</i>	<i>Сейсенбі</i> <i>19.03.25ж</i>	<i>Сәрсенбі</i> <i>20.03.25ж</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, оқу үлгерімі жайлы ақпарат беру.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз" Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті) Құрастыру.(қалауы) Мақсаты: Пішіндерді дұрыс пайдалана білу.</p>	<p>"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті)</p>		
	<p>"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>"Киіз басу" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз.</p>	<p>"Ағаштан не жасайды?" Мақсат-міндеттер: ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мүсіндеу. "Қобыз - көне аспап" Мақсаты: балаларды сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қобыз - көне аспап" Мақсаты: балаларды сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)</p>		

	<p>Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</p>	<p>Шығармашылық жұмыс. «Туған жерімізді гүлдендірейік». Балалар ағаштар, талшыбықтар, гүлдер, шөптер. т.б суреттерін салып, қиып алып ватманга жапсырады. (шығармашылық іс-әрекет)</p>			
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. <i>Салт-дәстүр. Қонақасы</i> Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Менің көңіл-күйім» Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай:</p>	<p>«Мейірімділік туралы ойлайық» Ойынның мақсат-міндеттер: ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») таңдалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды ұсынады. Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына</p>			

	<p>көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.</p> <p>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p> <p>Сурет. «Көктемгі көрініс»</p> <p>Мақсаты: Сурет салуға баулу, бояуды дұрыс пайдалануды үйтеру.</p>			
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Көркем әдебиет "Бесік жыры"(қайталау) Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.</p> <p>Қазақ тілі "Наурыз құтты болсын! "Наурыз көже" санамағын жаттау".(қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамы, наурыз көже, ұлттық дәстүрлердің бірі-сүйінші берумен таныстыруды жалғастыру; сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту.</p>	<p>Дыбыстап айту.(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпі".(қайталау) Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Биікке ілінген затқа секіріп қол тигізу"(қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды 25 см биікке ілінген затқа (таспаға) жүгіріп келіп жоғары секіріп қол тигізуге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Наурыз мерекесі құтты болсын!" (қайталау)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері "Сарқытты тарату"(қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың шартты өлшемді заттырдың шамасын (қалыңдығын) салыстыруда пайдалануға үйретуді жалғастыру; геометриялық денелердің негізгі қасиеттері мен айырмашылығын бекіту.</p> <p>Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгертуді пысықтау, сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету.</p>		

	<p>Музыка "Көңілді ән салайық"(қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларға наурыз айында келетін наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту; "наурыз туралы аңызды" оқып беріп, балалардың сұрақ жауап арқылы ілдерін дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Жүгіріп келіп жоғары секіру"(қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.</p>		
Серуенге дайындық	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Серуен	<p>Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру)</p>	<p>"Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>		

	қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.	Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.			
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Вариативтік бағдарлама					
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуді. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Қонақасы</i> Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>			
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>			
ҮІӘ/Вариативтік бағдарлама.	<p>«Дарынды бала» (Маманның жоспары бойынша)</p>	<p>Жапсыру. «Туған жерімізді гүлдендірейік». Балалар ағаштар, талшыбықтар, гүлдер, шөптер. т.б суреттерін салып, қиып алып ватманға жапсырады. (шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру (қайталау) "Қазақ ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру жалғастыру, оларды ажыратып, айта білу қабілеттерін пысықтау.</p>	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар: доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Мақсат-міндеттер. Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамының кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері. Ойынның екінші күрделенген нұсқасы.</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге байқала қоймайтын бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.</p>	

	<p>әрекеті)</p> <p>Театрлық қойылым. "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой, қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, үй шаруасына қажетті заттар мен жиһаздар. Шарты. Педагог балаларға "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісін қайталап оқып береді. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөліне бір баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді ойнаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп</p>	<p>Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, макарон түрлері, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны</p>	<p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу. Құралдар. Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді</p>		
--	---	---	---	--	--

	<p>құрмет білдіреді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың немен аяқталғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>көрсетіп, ""азық-түлік тауарлары"" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азықтардың сақталу мерзімі, азықтардың таза өнім күйінде тұту жайында білім беруі өте маңызды.</p> <p>Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтіп сақтаса, олар бұзылмайды, сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін</p>	<p>көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді.</p> <p>Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады.</p> <p>Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды.</p> <p>Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>		
--	---	--	--	--	--

		<p>ұстану тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>			
Балалармен жеке жұмыс	<p>«Игі істер қоржыны» Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>«Туған жерімізге ағаш отырғызайық» тақырыбында салынған сурет бойынша әңгіме құрастырындар. Суретті бояндар.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>"Қоржынды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p>		
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын.</p>				

	<p><i>Салт-дәстүр. Қонақасы</i> Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Серуенге дайындық	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Серуен	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Ең әдемі гүлдер" жобасының нәтижесін қорытындылау.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.	«Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.		

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.03 - 29.03.2025ж

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i> 26.03.25ж	<i>Сәрсенбі</i> 27.03.25ж	<i>Бейсенбі</i> 28.03.25ж	<i>Жұма</i> 29.03.25ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен	

<p>бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті) Сурет. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру;</p>	<p>жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)</p>
	<p>"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-</p>	<p>"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Зергерлік бұйымдар" Мақсат-міндеттер: ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын,</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

	<p>дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Жапсыру. «Ою» Мақсаты: ақ қағазға салынған оюды кесіп алып, жапсыру, қайшыны дұрыс қолдана білуге үйрету.</p>		<p>сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру.</p>	
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>			

<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>		<p>Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мүсіндеу "Қобыз - көне аспап" Мақсат-міндеттер: балаларды сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету.</p>	<p>Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>		<p>Дыбыстап айту.(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша) Сауат ашу негіздері "[ю] дыбысы және Юю әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін қайталау. Артикуляция</p>	<p>Сөйлеуді дамыту(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша) Математика негіздері "Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік" Мақсат-міндеттер: балаларды алыс және жақын орналасқан объектілердің шынайы</p>	<p>Сауат ашу негіздері.(АТІ) (логопед маманның жоспары бойынша) Математика негіздері "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларды ғарыш</p>	<p>Математика негіздері "Ғарыш әлемі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру.</p>

	<p>бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Жіп арқылы бір-біріне доп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды жіп арқылы бір-біріне бастан асырып доп лақтыруға үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "«Күн мен Ай» ертегісі" Мақсат-міндеттер: балаларға "Күн мен ай" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.</p>	<p>сипатын тануға, шамасын салыстыруға үйрету.</p> <p>Сауат ашу негіздері "[ю] дыбысы және Юю әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Жіп арқылы бір-біріне доп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды жіп арқылы бір-біріне бастан асырып доп лақтыруға үйрету.</p>	<p>әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру.</p> <p>Көркем әдебиет "Домбыра туралы аңыз" (қайталау) Мақсат-міндеттер: аңыз туарлы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[ю] дыбысы және Юю әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "«Күн мен Ай» ертегісі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға "Күн мен ай" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.</p> <p>Музыка "Қанатынмен самғатшы, өнер, мені" Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай тырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.</p>
--	---	--	--	--

				секіруге үйрету.	
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Көк орманда көп ағаш. Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш.</p> <p>Бақылау. Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын еритінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.</p>	<p>Ағаштардың гүлденуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Жұмбақтар. Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Бұл не? (Ағаш) Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады, Қыста жатсаң – жаның рахат табады. (Ағаш)</p> <p>Бақылау. Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру.</p> <p>Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене шынықтыру) Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей</p>	<p>Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Жұмбақ. Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) Тақпақ. Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі.</p> <p>Бақылау. Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты,</p>	<p>Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз.</p> <p>Бақылау. Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру) Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету.</p> <p>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді</p>	

	<p>Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене шынықтыру) Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек. Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.</p>	<p>берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. Еңбек. Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) «Доппен ойнаймыз».</p>	<p>сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру) Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. Еңбек. (еңбек іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз</p>	<p>суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген онды қатынасқа тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. (дене шынықтыру)</p>
--	---	--	--	--

				ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Вариативтік бағдарлама					Логопедиялық вариативтік бағдарлама «Ойнайық та, ойлайық» (Логопед өз жоспары бойынша)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). (дене шынықтыру)				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
ҮІӘ/Вариативтік бағдарлама.		Құрастыру. «Сырмақ» Мақсаты: Дайын қиылған қағаздардан сырмақты құрастыру. Балалардың түсті ажыратуды және пішіндерді ажырата білуді үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: балалардың ғарыш әлемі туралы ұғымдарын кеңейту; ғарыш кемесінің құрылысын сызба арқылы, өзге балалармен бірлесіп жобалауға асыруға үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру "Ғарыш әлемі"(қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың ғарыш әлемі туралы ұғымдарын кеңейту; ғарыш кемесінің құрылысын сызба арқылы, өзге балалармен бірлесіп жобалауға асыруға үйрету.	Қазақ тілі "Домбыра туралы аңыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қазақ тілінде домбыра туралы аңызды мұқият тыңдауға үйрету; шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру негізінде мәтінді түсіну қабілетін дамыту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрмынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес,	Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуге жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу. Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше	Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)

	<p>Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты.</p>	<p>ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа нұсқалар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер,</p>	<p>кимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді өтеуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик куыршақтар, лега ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. (қарым-қатынас іс-әрекеті,</p>
--	--	--	--	---

	<p>мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.</p> <p>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p> <p>"Боямақты бояйық".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Көктем мезгілін бояу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекеті)</p>	<p>бейнелеуге үйрету.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын: «Қоқыстан тазалау» (балалар 2топқа бөлініп үстел үстінде)</p> <p>Шарты: Ғаламшарды қоқыстан тазарту керек, ол үшін мына геометриялық денелерді пішініне қарай топтастыруымыз керек.</p> <p>(дене шынықтыру, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>техникасын игерту.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Түйені зерттеу</p> <p>Мақсат-міндеттер. Түйенің тіршілігін, қорегін, сипатын сипаттау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын «Аш қасқыр» (қазақтың ұлттық ойыны)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>«Аш қасқыр» — кең жазықта ойналатын халықтың ең көне ойындарының бірі. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Алдымен ойынға жиылған жастар орталарынан біреуін «аш қасқыр» деп</p>	<p>іс-әрекет)</p> <p>Ұлттық ойын. Бос орын</p> <p>Балалар шеңберді айналып малдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың бірінің қасына тоқтайды және қамшыны соның артына қойып кетеді. «Бұл жер тар, өз орныңды тап!» деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуа жөнеледі. Егер оны ұстап алса, қамшымен ақырын ұрады. Ал жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс. Егер отырып алса, ойыншы ойынды</p>
--	--	---	---	--	--

белгілейді. Сонан соң алаңның бір шетінен шеңбер сызып, оны қасқырдың апаны деп атайды. Осының бәрін орындап болған соң, ойыншылар өздеріне басқарушы етіп бір ойыншыны тағайындайды. Қалған ойыншылар басқарушының артынан тізіліп тұрады да бірінің белдігінен бірі ұстасады. Ойын басталады. «Аш қасқыр» шабуылға шығады. Ойын басқарушы екі қолын жайып, оның қарсы алдынан шығып, кес-кестеп, бөгет жасайды. «Қасқыр» қайтсе де «қойларды» ұстауға тырысады. Егер бұл «аң қасқырдың» қолынан келсе, ұстаған «қойларды»

жүргізеді.
(дене шынықтыру)

өзінің апанына «апарады», олар сол «апанда» ойын біткенше қала береді. Ойын соңғы ойыншыға дейін ойнала береді де, қайта басталады.

(дене шынықтыру)

Ертеңгілік жаттығу

Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"

1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.

1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)

2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.

1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;

3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).

3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.

1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;

3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).

4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.

	<p>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.</p> <p>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран,</p>

	<p>Тышқанға дөндер салам.</p> <p>Ақ қоянға тәтті нан,</p> <p>Тосап беремін араға.</p> <p>Таңғы ботқа береміз,</p> <p>Бақшадағы балаға.</p> <p>Салт-дәстүр. Асату.</p> <p>Табактағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Жарқырап күн де ашылды,</p> <p>Айналаға нұр шашылды.</p> <p>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!</p> <p>Қайырлы күн! Біз сүйікімді баламыз!</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Жүректен жүрекке</p> <p>Балалар шеңберге тұрып төмендегі өлең жолдарын қайталайды:</p> <p>Күніміз ашық болсын!</p> <p>Түніміз тыныш болсын!</p> <p>Ауамыз таза болсын!</p> <p>Суымыз мөлдір болсын!</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>«Көңіл-күйді анықтау»</p> <p>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .</p> <p>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді</p>	<p>«Әдепті сөздер шеңбері»</p> <p>Ойынның мақсат-міндеттер: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейрімділікке баулу.</p> <p>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты,</p> <p>Алтын сәуле таратты.</p>

		<p>әрекеті)</p> <p>Жапсыру</p> <p>«Құс ұясы »</p> <p>Мақсаты: құс ұясын жапсыра білуге үйрету. Балалардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттыру.</p>	<p>анықтауды ұсынады.</p> <p>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріннің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.</p> <p>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>		<p>Жарқырады күніміз.</p> <p>Жарқырайды даламыз.</p> <p>Қайырлы таң,</p> <p>Қайырлы күн, балалар!</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Мектепкедейінгі	Сөйлеуді	Дыбыстап	Сөйлеуді	Сауат ашу	Математика

<p>ым</p> <p>Кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>дамыту(АТІ)</p> <p>(логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>"Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі".</p> <p>Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>"Бердібек Соқпақбаев "Ағаштар неге ашуланды" әңгімесі. Ағаш түрлері"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды Б.Соқпақбаев</p>	<p>айту.(АТІ)</p> <p>(логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"[э] дыбысы және Ээ әрпін қайталау".</p> <p>Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін таныстыруды қайталау, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйретуді пысықтау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар</p>	<p>дамыту(АТІ)</p> <p>(логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері</p> <p>"Ғажайып математика"</p> <p>Мақсат-міндеттер: Математикалық ұғымдарды бекіту.</p> <p>зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</p>	<p>негіздері.(АТІ)</p> <p>(логопед маманның жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері</p> <p>"Ағаштар жайлы сен не білесің?"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>"Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халқының ертегісі". (қайталау)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>негіздері</p> <p>"Ағаштар жайлы сен не білесің?" (пысықтау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды салыстыра білуге ортақ қасиеттері бойынша топтастыра білу дағдыларын дамыту; сан құрамын, заттар жиынтығын цирфмен сәйкестендіруді пысықтау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?»" (қайталау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>"Ағаштар неге ашуланды" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; ағаштарға күтіммен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыка</p> <p>"Атамекен, ақ мекен"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"[э] дыбысы және Ээ әрпі".</p> <p>Мақсат-міндеттер: Э э дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыс пен әріпті ажырата білуге, берілген сөздерді дұрыс оқуға, жаза білуге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден</p>	<p>ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусак театры арқылы сахналауға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Тепе-теңдікті сақтап, құм толтырылған қапшықты лақтыру" (пысықтау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету.</p>	<p>байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"[ц] дыбысы және Цц әрпі".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>Музыка</p> <p>"Көгілдір көктем"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі</p>
--	--	--	---	---	---

		алмастыра отырып жүруге үйрету.	оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету.		қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету.
Серуенгедайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Тастардың алуан түрімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</p> <p>Зерттеу. Балабақша аймағындағы тастарды табу: сұр, дөңгелек, үлкен және кішкентай.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек</p>	<p>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Табиғаттың жансыз құбылыстары туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы жұмыстар, қоқыс жинау, сыпыру жолдары. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жел туралы ойларын нақтылау.</p> <p>Зерттеу. Құбылынаманың көмегімен желдің бағытын анықтау; желбағарды пайдаланып желдің күшін анықтау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p>	<p>Су қоймасын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мұздың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Зерттеу. Мұздың қалыңдығын мұз өлшегішпен өлшеу (келесі серуендерде су қоймасындағы мұздың еруін бақылау).</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек</p>	<p>Топырақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Топырақ қабаты - шымтезекпен таныстыру.</p> <p>Зерттеу. Құрғақ және сулы шымтезек кесектерін салыстыру; ұлғайтқыш арқылы шымтезек неден тұратынын бақылау; топырақ қайда тез кебеді және неге?</p> <p>Ересек адамдармен</p>

	<p>тапсырмалары: аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Зейінді белгілі бір заттарға шоғырландыру, күш пен жылдамдықты біріктіру қабілетін шоғырландыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тізені жоғары көтеріп, педагог белгілеген межеге дейін аяқтың ұшымен жүгіру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құрсауды еркін</p>	<p>Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылыстарын қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Таңертең орманда", "Құстар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Педагогтің нұсқауларын тындау және оларды дұрыс орындау, берілген кеңістікте шашыраңқы жүру қабілеттерін бекіту; құстардың атауын, бір аяғымен секіру қабілетін бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: математикалық жаттығу. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жұп және тақ сандардың есебін</p>	<p>ауланы тазарту. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау, бірлескен күш-жігермен тапсырмаларды орындау қабілеттерін бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: допты бір-біріне төменнен лақтыру. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p>тапсырмалары: ауланы қоқыстан тазалау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: ұзындыққа секіру. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша жүйекшелеріне және ағаштардың түбіне шымтезек тасу. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Шымтезектің пайдалы қасиеттері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ақ пен қара". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қашып бара жатқан балаларды белгі бойынша қуып жету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: арқанмен жаттығулар жасау. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Арқанды алға және артқа айналдырып, секіру қабілетін</p>
--	---	--	--	--	--

	бағытта домалату дағдыларын жетілдіру.	бекіту.			бекіту.
Серуеннен оралу	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Вариативтік бағдарлама					<p>Логопедиялық вариативтік бағдарлама</p> <p>«Ойнайық та,ойлайық»</p> <p>(Логопед өз жоспары бойынша)</p>
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Тағы міне, таң атты,</p> <p>Дайын дәмді тағамдар.</p>				

	<p>Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.</p> <p>Салт-дәстүр. Асату.</p> <p>Табактағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әтүрлі массаж (уқалау) жасайды.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
ҮІӘ/вариативтік бағдарлама	«Дарынды бала» (Маманның жоспары бойынша)	Сурет "Құрылыс ғаламшары" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары білу, арка, призма, текше, цилиндрды пайдалана отырып ғарыш кемесін салуды үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру "Табиғатым-тамаша!" Мақсат-міндеттер: табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі; тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету;	Қоршаған ортамен таныстыру "Жас бағбандар" Мақсат-міндеттер: балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру; еліміздің көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту.	Қазақ тілі "[Э] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Э] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті)	Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида»». Мақсат-міндеттер:	Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер.	Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".	Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі). Мақсат-міндеттер.	Дидактикалық ойын. "Мен кімін? Ол не?" Мақсат-міндеттер.

<p>ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.</p> <p>Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар.</p> <p>Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін</p>	<p>Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшандығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: доп.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).</p> <p>Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы мүмкін.</p> <p>Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып,</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Шарты.</p> <p>Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады.</p> <p>Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.</p> <p>Ойынның басында педагог балалар</p>	<p>Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемочарточкалар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.</p> <p>Педагог балалардың тақырыпқа деген</p>	<p>Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс немесе мамандық иесі туралы сипаттаманы естіп, оның кім немесе не екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p> <p>Алғашында педагог, содан соң қалаған балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>көрсетеді.</p> <p>Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға.</p> <p>Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ.</p> <p>Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер.</p> <p>Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі.</p> <p>Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар екенін айтады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>допты қолдарына лақтырады.</p> <p>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Жанармай бекеті".</p>	<p>үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжеттік-рөлдік ойын.</p> <p>"Табиғи қорық".</p>	<p>қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады.</p> <p>Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады.</p> <p>Балалар-ау, балалар!</p> <p>Шақырады далалар.</p> <p>Көктем келді гүл алып,</p> <p>Құстар келді жыр алып.</p> <p>Қос білекті сыбанып,</p> <p>Жүгірейік қуанып.</p> <p>Қыр басына шығайық,</p> <p>Көктем тілін ұғайық.</p>	<p>жасырады.</p> <p>Жұмбақты жасыру мысалы: "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Киімдер" дүкені.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысының ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>Қимылды ойын: «Етек - етек»</p> <p>Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады.</p> <p>Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді.</p> <p>Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды.</p> <p>Ол бала ойыннан шығарылады.</p> <p>Ал, ұстандар етектен,</p> <p>Айырылмаңдар жетектен,</p> <p>Біз шөжелер</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бактарының жасанды үлгілері; автомобильдерге арналған дөңгелектер.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы,</p>	<p>Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет – бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе</p>	<p>мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар"</p>
--	--	---	---	---	---

<p>боламыз, Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды карақұс, Сол болады құсқа жем, Ұрынады қатерге, Ана сөзін екі еткен. (дене шынықтыру)</p>	<p>Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог балалармен жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар жөнінде суреттер мен бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім, қандай қызмет атқаратынын анықтап, рөлдерді бөліседі (санамақ та арқылы болады), өздеріне қажет киім және құралдарды</p>	<p>сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға</p>	<p>бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР- дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды</p>	<p>ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және ішкіім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі жайында да айтылуы тиісті. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап,</p>
---	---	---	---	--

	<p>алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам</p>	<p>көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек.</p> <p>Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай</p>	<p>нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.</p> <p>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп</p>	<p>сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды "сатады".</p> <p>ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы</p>
--	---	---	---	--

		<p>және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін ұстану керек, от жағуға, темекі шегуге болмайды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)мүсіндеу</p>	<p>алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>шешеді.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.</p> <p>Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.</p>	<p>мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстану тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>
--	--	--	---	--	--

				<p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	
Балалармен жеке	Саусақ жаттығуы.	"Ненің құйрығы?" дидактикалық	Ойын-жаттығу "Табиғатпен	«Мейірімділік	"Дидактикалық ойын ""Ұшады,

жұмыс	Гүлдер	ойыны.	сырласу"	ағашы»	жүзеді, секіреді"".
	<p>Көктемде жайнар алқаптар -</p> <p>(ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру")</p> <p>Айналаға гүл қаптар.</p> <p>(алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету)</p> <p>Шашағы аппақ түймедақ,</p> <p>(алақанды, саусақтарды ашып, қозғау.)</p> <p>Көктікен мен қызғалдақ</p> <p>Жердің көркін ашады.</p> <p>(көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесе сияқты жинау).</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. "Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр,</p>	<p>Балалар арасынан "жолбасшы" тағайындалады. Балалар шеңберге бірінің артынан бірі тұрып, жолбасшының қимылын қайталайды.</p> <p>Өзеннен өту.</p> <p>Тауға өрмелеп шығу.</p> <p>Шалшық сулардан өту.</p> <p>Ормандағы сулардан өту.</p> <p>Ашық алаңға жетіп, қуанып, демалды.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>Ойынның мақсат-міндеттер: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды.</p> <p>Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-</p>	<p>Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Мысалы:</p> <p>Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)"</p>

	(О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) (қарым-қатынас іс- әрекеті)	ұзын)." және т.б.. (қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)		әрекеті)	
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Серуенге дайындық	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Біздің отбасы серуенде».	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуының отбасының ықпалы».	«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.	«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».
--	---------------------------	--------------------------------------	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ақсу №2 жалпы орта білім беретін мектебі
Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы, Мұғалімі:Рахимжанова Б.А.
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2025ж.

Апта күндері	Дүйсенбі 15.04.2025ж	Сейсенбі 16.04.2025ж	Сәрсенбі 17.04.2025ж	Бейсенбі 18.04.2025ж	Жұма 19.04.2025ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың Басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты

<p>ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p>
	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Гүлденген ағаштар"</p> <p>Мақсат-міндеттер: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп,</p>	<p>"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап,</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</p> <p>"Көктемгі ағаштар"</p> <p>Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</p> <p>"Көктем көркі"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу</p>	<p>Пазл "Теңіздегі балықтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын,</p>

	<p>бүршік атулары жайлы білім беру.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>«Түрлі-түсті гүл шоғы».</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру.</p> <p>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіндер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?</p> <p>Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..</p> <p>Гүлдерді жұлға болмайды. Олар біз</p>	<p>атауын табуға үйрету.</p> <p>Шарты. Педагог дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп, кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі топқа бөлініп табақшадағы кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</p>	<p>білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>«Түстері бойынша бөл».</p> <p>Өз еріктерімен суреттерді бояу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>"Көктем" өлеңін жаттау.</p> <p>Көктем қырға төрледі,</p> <p>Төрт түлік мал төлдеді.</p> <p>Бәйшешектер құлпырып,</p> <p>Деп тұрғандай: «Көр мені!»</p> <p>Жылы мезгіл жетіпті,</p> <p>Тастадық біз етікті.</p>	<p>жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын атап білімдерін бекіту.</p> <p>Ойын шарты. Теңіз балықтарының суреті бар пазлды құрау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>“Не артық” ойыны</p> <p>Мақсат-міндеттер: Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта білуге үйрету.</p> <p>Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу.</p> <p>(қарым-қатынас</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек.</p> <p>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Сөйлеу тілін дамыту.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Құрастыру.</p> <p>«Гүлдер»</p> <p>Мақсат-міндеттер: Балаларға гүлдердің түрлерін таныстыра отырып, тақырып бойынша білімдерін қалыптастыру.</p>		<p>Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті!</p> <p>К.Ыбырайұлы</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.</p> <p>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;</p>				

	<p>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.</p> <p>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;</p> <p>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.</p> <p>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p>

	<p>Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>« Көктем гүлдері»</p> <p>Мақсаты: гүлдерді бейнесін мүсіндей білуге үйрету. Балалардың сабаққа белсенділігін,</p>	<p>Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Ағашқа байланысты мақалдар жаттау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>

		қызығушылығын арттыру.			
Мектепке дейінгі ұйым	Сөйлеуді дамыту(АТІ)	Дыбыстап айту.(АТІ)	Сөйлеуді дамыту(АТІ)	Сауат ашу негіздері.(АТІ)	Математика негіздері
Кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	(логопед маманның жоспары бойынша) Көркем әдебиет "Көктем сәні" Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу. Қазақ тілі "Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".	(логопед маманның жоспары бойынша) Дене шынықтыру "Құм толтырылған қапшықты лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіруге үйрету. Сауат ашу негіздері "Дыбыстар әлемінде". Мақсат-міндеттер: дыбыстар туралы білімдерін бекіту..	(логопед маманның жоспары бойынша) Математика негіздері "Достық үйінің құрылысы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету. Сауат ашу негіздері "[щ] дыбысы және Щщ әрпі". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ	(логопед маманның жоспары бойынша) Математика негіздері "Достармен бөлісе біл" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру. Көркем әдебиет "Көктем сәні" (қайталау)	"Өрістегі төлдерді санадың ба?" (пысықтау) "Достармен бөлісе біл" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан

